

күйентелердің, декомпрессиялық механизмнің аралықтарындағы саңылауды тексеру және ретке келтіру.

Егер клапандардың ашылып-жабылуы газ тарату фазасының диаграммасына сәйкес келсе және де ол жабылған қалпында цилиндрлер қалпақшасының тесігін нығыз жапса, онда қозғалтқыш бірқалыпты жұмыс істейтін болады. Клапандардың дер кезінде ашылып-жабылмауы клапандар мен күйентелер арасындағы саңылаудың бұрыш тығынан болуы мүмкін.

Автотрактор двигательдерінде клапандарды қалыпты саңылау мәні қосымшада берілген. Клапандар мен күйентелер арасындағы саңылауды тым кіші немесе тым үлкен болуы қозғалтқыштың қуатын кемітіп, отынын меншікті шығынын арттырады. Саңлау аз болған жағдайда қызып тұрған қозғалтқыштың клапаны ұяға нығыз орналаспайды да мұның өзі клапан фаскасы мен ершіктің тез күйіне себеп болады.

Саңылау үлкен болған жағдайда клапандардың ашық тұру ұзақтығы кеміп (газ тарту фазасының диаграммасын қара), сонын әсерінен клапандар орналасқан тұстан металл шыңылы естіліп, мұның ақыры күйенте соққысының және клапан стерженінің тез тозуына әкеп соғады.